

**Музыка жетекшісінің 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : **ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасы**

Топ: «**Фиксики** » ересек топ

Балалардың жасы: **4-5 жастан.**

Жоспардың құрылу кезеңі: **желтоқсан айы, 2023-2024 оқу жылы.**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Желтоқсан	Музыка	<ul style="list-style-type: none"><li>- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдаудың дамыту;</li><li>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</li><li>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.</li></ul> <p>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p> <p><b>Музыка тындау.</b></p> <p>Музыкалық шығарманы соңына дейін тындауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен түратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық</p>

балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.

Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көніл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.

Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.

Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.

Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.

Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музика тыңдауға үйрету.

Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көніл-күйі (мұнды, көнілді ) байқауға үйрету.

### **Ән айту.**

Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көнілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.

### **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**

Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шенбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы

мен аяқталуына сәйкес қымылдарды орындау, қымылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қымылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музикалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жүппен ырғакты қымылдар орындау. Музикалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қымылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдал жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музикалық сүйемелдеумен қазақ би қымылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қымылдарын қайталау.

Балалардың билейтін музикаға сәйкес би қымылдарын өз бетінше орындаудына, таныс би қымылдарын ойындарда қолданудына мүмкіндік беру.

**Балалар музикалық аспаптарында ойнау.**

Балаларды музикалық аспаптармен: сыбызы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.

Балаларға арналған музикалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын менгеруге ықпал ету.